

ӘОЖ 94 (547)

ХАН КЕНЕНІҢ БАЛА БАУБЕГІ

Асан Индира Болатбекқызы

Asanindira2003@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының 1-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші- PhD, доцент Ақпанбет Н.Н.

Жасөспірім шағындағы қолбалалықтан қол бастау дәрежесіне, жас кезіндегі жалпақ елге жайылған Бала Баубек атынан одан да зор батыр атағына жеткен, ақырында Хан Кененің қадірлейтін ең жақын үзеңгілес серіктерінің біріне айналған.

18-ғасырда орыс патшасының отарлау саясатына қарсы Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілістің басынан аяғына дейін қатысып, 10 жыл бойы ат үстінен түспей, жарғақ құлағы жастыққа тимей етігімен су кешіп елін қорғаған батырлардың бірі Арғын руынан тарайтын Қарауыл Бекмырза баласы Баубек бабамыз.

Көмекей әулие атанған Бұқар жыраудың:

Уа, Абылай, Абылай!

Момынға келіп бек болдың- деген тарихи жыр жолдары бар. Бұл рулық атауға ұлы Арғын бабамыздың Момын есімді әйелінен туған ұрпақтары ие болған. Қазақ халқы оларды шежіреде таңбаланғандай, бір сөзбен «Жеті Момын» дейді. Осыған қарап қазақ халқының әйел-анаға деген құрметін, өмірдегі әділетті ұстанымын көруге болады. Жақсы адамның аты, оның жынысына қарамастан, бір дүйім елге беріліпті.

Қанжығалы-Тобықты,

Қатар туған Момыннан.

Сарыжетім Шақшақпен

Бәсентиін соңынан.

Атығай мен Қарауыл,

Жаратылған оңынан.

Белгілі бекзат шығыпты,

Әрбірінің тобынан.

Арғын бабаның осы ұрпақтары ішінен атағы жер жарған батырлар мен билер көп шыққан. Қанжығалы қарт Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Бәсентиін Малайсары, Үмбетей жырау, Тобықты Кеңгірбай мен Қарауыл Қанай билердің есімі соның нақты айғағындай. Абылайдың барлық дерлік жорықтарында осы батырлар мен билер үзеңгілес қатар жүрген. Ал, оның немерелері Кенесары мен Наурызбайдың ұлт-азаттық көтерілісінде тағы да осы буынның ұрпақтары жорықта үнемі сенімді серіктес болған [1, 4].

Қараменді, Тастемір, Байбарақты,

Арылтпай тұқымына берген бақты.

Белінен Бекмырзаның құдай қалап,

Туыпты батыр Баубек аруақты –

деп Көлденең Есіл елінен шыққан атақты Есенбай ақын жырлағанындай 1820 жылы әйгілі Бекмырза байдың шаңырағында, Көкше өңіріндегі ата қоныста дүниеге келген Баубек батырдың қазақы жөнмен алғандағы тегіне көз салсақ - алты арыс Орта жүздің арғын тайпасынан тамыр тартады. Руы- Қарауыл. Мәшектен сегіз ата Қарауыл тараған. Мәшектің Қарт Бәлекей деген баласынан Құлымбет, одан Бектауыл, Бектауылдан Түрікпен, Сарғалдақ, Жасқамыс. Сарғалдақтан Тастемір, одан Бекмырза туады, Бекмырзадан Баубек туады. Бекмырза атамыз бай болған. Анасының аты-Шұға [2, 20].

Баубек батыр Кенесары ханның өмір-өлім тайталасқан жорықты жолдарында әрқашан арына кіршік шалдырмай, ерлікте есе жібермей, қара күште де қапысыз, әдіс тәсілге де алғыр, абыройы артық болып, сол кездегі даңқы шарықтаған Шұбыртпалы Ағыбай, Қыпшақ Иман, Жанайдар, Төлебей, Басықара сынды батырлармен үзеңгілес жүріп, кеңесіне қосылып, аты қатар аталатын болған. Наурызбай бауырым деп құрметпен, жақсы көріп жақын тартқан. Оның бір себебі, екеуі де Күнімжан бәйбішенің баласы есепті болып, аналық ортақ тәрбиесін алғандықтан.

Кенесары баланың көзіндегі отына қызығып, ордамда жүрсін деп Бекмырза байдан қалап алған екен. Бекмырза бай, баласын бір ауыз сөзге келместен ат мінгізіп аттандырып салыпты. Баубек баланың болашақ ұлы жорықтарының сызашақтай жіңішке жолы осылай басталыпты. Әуелде ордадағы Күнімжан бәйбішенің барыпкел-шауыпкел қолбалалық қызметінде болады. Яғни орданың күнделікті өз адамы. Кенесары сұлтан отбасының бір мүшесіндей дерлік [3, 8].

Ел аузындағы сақталған әңгімелерде «Баубек батыр аласа бойлы, дембелше келген өте әлді, қимылға шапшаң, өткір көзді, сары кісі болған. Бала күнінен Кенесарының қолында өсіп сіңіскендіктен, оны бала Баубек деп, түсі сары болғандықтан, кей кездерде сары Баубек деп те аталған [2, 30].

Торғайлық қаламгер Ахметхан Байжан өзінің ел әңгімелерін ізерлеп зерттеу негізінде жазған «Кенесары хан мен Бектауыл Баубек батыр» атты деректі хикаятында өршіл жеткіннің қолбалалықтан қол бастар ерге лайықты шаруаларға ауысқан тұсын суреттейтіні бар.

Бірде Баубек бала бозқырау кезінде ордаға бір қап тезек алып кірсе, төрде Кенекеңе сыйлы қылды Бөгенбай би отыр екен. Оның Бекмырза байдың баласы екенін естіген би:

-Япыр-ай, хан ием, мына баланың көзі жақсылық қылсаң да, жамандық қылсаң да жүз есе қайтарамын деп тұр ғой,-дейді. Бекмырза Арқаға атағы шыққан бай емес пе, баласын сізге асырай алмаған соң бермеген шығар. Өзіңіз де айтып отырғандай, жүрегінде түгі бар, көзінде шоғы бар мұндай өренді бас-аяғын бүтіндеп, өзіне лайықты ер кәсібіне баулығаныңыз жөн болар.

Батагөйінің сөзіне ден қойған әрі өзі де осы жөнінде бұрыннан ойланып бір шешімге келіп жүрген ақылман Кене сол арада дереу Баубекті шақыртып, аяғына етік, басына бөрік кигізіп:

-Қарағым, үй шаруасының өз адамдары бар ғой. Сен бұдан былай қауға тарт, жылқыға ие бол. Өз бойыңа, ер жігітке лайықты істермен айналыс!-деп пәрмен қылған екен.

Сол пәрмен Баубекке дәрмен болды. Осы күннен бастап балалық артта қалып батырлықтың жолына түседі. Үлкен жігіттерге, ысылған сарбаздарға еріп жылқы күзетіне, алғын-шолғынға шығады. Ат үстінде шоқпар сілтеп ұрыстасудың, найза түйреп, қылыштасудың әдіс-тәсілдерін меңгереді. Он бес, он алты жасында жылқыны жауға алғызбайтын Бала Баубек атанады. Оның жайы былай. Алма-кезек барымталасқан заманда қырғыздың қырық жігіті сайлана келіп Ерейментаудағы өрістен Кенесары жылқысының бір бүйірінен тиіп, ширек бөлігін шиыра бөліп алып қиқулап айдап жөнелді. Жылқышылар қайранға жарамай қалып, ес жиғасын барымташылардың соңынан іле-шала жиналып шыққан қуғыншы жасақтың ішіне Баубек те қосылып, ілесіп кетеді. Айтып-айтпай не керек, осы жолы сары бет, салқам баланың қара бүркіт аруағы көтеріп, қырғыздың бетке ұстап

келген Тіленші батырын аттан түсіріпті дейді. Батырдың емес, баланың аруағы асып, айдыны тасып аттан түсіргеніне қырғыздың қара буралы қияпаты қорланса да, мәрттігін танытады. Жігіттерін тоқтатып, жеңілісті мойындайды. Жылқы кейін қайтарылады.

Болған оқиғаның мән-жайы анықталғаннан кейін Баубекті ордаға шақырады. «Сол жылы Кенекең алты жылғы асыл қошқарын сойып, Баубекке асықты жілігін ұстатып, өзін өкіл бала қылып Күнімжан бәйбішенің кеудесіне құлатқан еді. Әлі бала деп жүрген Баубекке «Бала батыр Баубек» деген атақты да осы жолы өзі лайықтаған» деп өз хикаятында Ахметжан Байжан баяндады.

Баубектің өтініш-тілегімен барымташылардың басшысы Тіленші батырға кешірім етіліп, еліне жіберіледі. Кейін ханмен және басқа жортуылдас-жорықтас серіктерімен бірге қолға түскенде Баубек батырдың қырғыз тұтқынынан, туралап келген ажалдан құтылып шығуына осы Тіленші батыр жақсылықты жақсылықпен өтеп себепші болса керек.

Қолбаладан қауғашылық, жылқышылық, одан өкіл балалық, одан бала батырлық, бала батырлықтан жасақбасылық мәртебелерге біртін-біртін ауысқан Баубек жортуыл-жорықтарда ысылып шыңдала береді. Батырлықпен ғана емес, алғыр ақылымен, епті мәмілегерлігімен де танылса керек.

Жазушы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романында қарауыл руынан хан кеңесіне Баубек батыр кіргенін жазады. Демек, осы кездерде ол өз руының атынан сөйлейтін дәрежеге жеткендігін көреміз [3, 8].

1847 жылы қазақтың соңғы ханы Кенесары мен Наурызбай қаза тапқанда Баубек бар болғаны 23 жаста екен. Баубек батырды тұтқынға алып, біраз жылдан кейін қашып шығып, өзінің туған жеріне қайтып оралады. Қарауыл руының екі атасы-Бектауыл, Тоқтауылдан тараған ұрпақтармен бірге, аталас ағайындарымен қазіргі Жақсы ауданының Терісаққан өзенінің маңайына қоныстанды. Арада көп уақыт өтпей, шынжыр балақ, шұбар төс Ерден баймен араздығы бар, Кенесары көтерілісіне қатысқаны бар, патша үкіметіне қарсы шыққаны бар, басына түрлі жала жабылып, Омбының генерал-губернаторының бұйрығымен алты жылға сотталып, Сібірге жер аударылады. Тұтқындауға келген орыс әскеріне қарсыласуға амалы болмайды. «Кешегі заман өтті, Кенесарылар жоқ, мен қарсыласам, бекерге зияным ағайын туыстарыма тиіп кетер» деп, ел-жұртымен қоштасып, кете барады. Артынан іздеп барған жігіттерге, қылышпен бір жақ бас бармағын шауып, киімдеріне орап, беріп жібереді. «Енді елге аман оралмаспын, осы кеткенім кеткен, «мен өлді» деген жаман хабарды естісеңдер, денемнің бір мүшесі туған жерімде жатсын, бармағымды арулап жерлерсіңдер» деп аманат етеді. Батырдың айтқаны айдай келіп, алты жылдан кейін қайтыс болады. Ресейдің Түмен облысына қарасты Ишим қаласының шетіндегі Қызылтау деген төбеден топырақ бұйырады. Кейін ол төбе мұсылмандардың, сондағы атығай-қарауылдың үлкен қорымына айналған. Сол төңіректің орыс-қазағы бұл зиратты әулиелі жер деп ертеден тәуеп етіп, қастерлейді екен [4].

Баубек батыр Орта жүзді аузына қаратқан Алтай руының атақты байы Аққошқар Сайдалының Емке қызына үйленеді. Нығыман, Мағзұм, Нақ, Қозеке деген балалары болған. Мағзұм деген баласы Бесоба болысында болыс болып, қартайған шағында Мекке-Мәдинаға қажылық сапар кезінде қайтыс болып, сол жақта жерленген. Есіл бойында алғаш мешіт аштырып ұрпағын дін тәрбиесіне тәрбиелеген. Мағзұмнан Сейдахмет, Құсайын деген балалары болған, Құсайын атамызда Бесоба болысында 9 жыл болыс болған. Бүгінгі таңда атамыздың ұрпақтары Ешім, Терісаққан мекендерінде өсіп өніп тұрып жатыр [2, 20].

2015 жылдың жазында Баубек батырдың баласы Мағзұмнан өрбіген тікелей ұрпағы Жанарбек Ғалымұлы, Әбілмәжит Шаяхметұлы, Қайырбек Ғалымұлдары зиярат етуге келіп, Дүйсенбек Шәріпов және Қали деген жергілікті ақсақалдардың көрсетуімен баба сүйегінің нақты қабірін анықтап, Құран бағыштап, ас беріп, басына құлпытас орнатыпты. Онда «Кенесары ханның көрнекті батыры Баубек Бекмырзаұлы. Руы Қарауыл «1820-1884.Белгі қойған ұрпақтары» деп жазылған.

Ал, батырдың бас бармағы өзі аманат еткен елінде, Жақсы ауданының жерінде жерленіпті. Ұрпақтары 1993 жылы 16 қазанда басына үлкен кесене орнатады [4].

Кесене Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Ешім ауылы, Баубек батыр (бұрынғы Қызыл Ту) бөлімшесінде орнатылды. Силикат кірпіштен қаланған кесене, жоспардағы төртқырлығының мөлшері 6х6 м, порталды-күмбезді көлемі және биік сфера-конустық күмбезі бар, алты қырлы атанақтың үстіне орнатылған. Бас қасбетінің бұрыштарында найзалары мен әскери қалқандар, қысқа бағаналар орналасқан Кесене биіктігі-7метр. Батырдың ұрпақтары батырға тұрғызған мазарына Ресейдің Түмен қаласынан әкелінген бір уыс жер, зиратының басында өсіп тұрған ағаштан бала қайың, тобылғы, шырша ала келіп, Қызылту жерінде кесенесінің жанына отырғызған.

Қазіргі таңда ұрпақтары Жаңа-Қима, Ешім, Терісаққан ауылдарында мекендейді. 2017жылы Жақсы ауданының Ешім ауылының 1 көшесіне және Целиноград ауданының Қосшы ауылының 1 көшесіне Баубек батыр аты берілген.

Баубек туралы ресми ақпарат өз халқының жанашыры, ұлтжанды, ғалым-азаматы-Ермұқан Бекмахановпен жинақталып шығарылған. Батыр ерлігі жайлы мағлұмат Илияс Есенберлиннің «Қаһар» романында, 1995 жылы Ахметжан Байжанның «Бектауыл Баубек батыр» атты кітабы жарық көреді. 2017 жылы Қалкөз Жүсіптің «Баубек батыр» атты кітабы, 2018 жылы М.Ғабдуллин музейінің ғылыми қызметкерлері, Жақсы ауданының кітапхана қызметкерлері «Жақсының жақсысы Баубек батыр» атты кітаптары жарық көрді [1, 4].

Сарыарқа сары дария жер жәннәты,

Ер Баубек хан Кененің қолқанаты.

Ерлігі ел көзіне ерте түсіп,

Аңыз боп кейінгіге қалған аты -

деп Құдайберлі Мырзабек ағамыз айтып кеткендей Баубек батыр ерлігі ел көзіне түсіп, қазіргі күнде Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасы негізінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде Жақсы ауданының территориясындағы Баубек батыр кесенесі де киелі жерлер картасына енгізілді.

Елбасы, Н.Ә. Назарбаев бұл туралы тағы да «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады» дей келіп, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» деп нақтылап айтқандай Баубек батырдың өмірде жасаған ерліктері келер ұрпақ үшін өнеге болып, ары-қарай атын ұлықтап, ерлік істерін зерттеуіміз біздің мақсатымыз болып қалмақ. Еліміздің тәуелсіздігі жолында ерен еңбек сіңірген ерлерді ұмытпау-бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. «Арқа ажары» газеті. 9 желтоқсан 2017 ж.
2. «Жақсының жақсысы Баубек батыр» /-Көкшетау: «Мир печати»,ЖК Устюгова Н.Ф., - 2018.-164 бет
3. «Егемен Қазақстан» газеті № 209. 31 қараша 2017 ж.
4. «Арқа ажары» газеті. 2 қазан 2018 ж.